



Ақмешіт

13 наурыз
сенбі

№20 (1722)

2021 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



THE WALL STREET JOURNAL.

«ОРТАҚ ҮЙГЕ» ОРТАҚ ҚОЛДАУ

Ұлттық мүдде, экономикалық текетірес, астыртын-ашық әскери «ойындар» секілді тапталулардан тыс, әлемді алаңдататын тағы бір мәселе бар. Анығы, басты мәселе. Ол – климаттық өзгеріс. Ғаламдық жылыну, экология, кокасы қалдығы деген кешелі-бүгін туындаған жоқ, әрине. Соңғы уақыттағы белсенділердің үндеуі көшбасшы мемлекеттерді нақты жобаны қолға алуға итермелеуде. Ортақ қауіп болған сон ба, жағдайды қалпына келтіру үшін алпауыт елдер де айылын жиып, керек десе, бәсекелестерімен бітімге келуге көшкен. Апта басындағы АҚШ пен Қытайдың климаттық өзгеріске қатысты пікірі осы төңіректің біршама сауалға жауап бергендей болды. Тіпті екіжақты келісім сәтті жүрсе, адамзат болашағына арналған ауқымды зерттеу жұмысы жасалмақ.



Осы орайда «The Wall Street Journal» басылымы сәрсенбегіте санында тілші Ша Хуаньң «АҚШ пен Қытай климат өзгерісін талқылайды» атты мақаласын жариялап, тақырыпқа толыққанды талдау жасауға талпынған. Мақалада АҚШ-тың мәселеге көзқарасы, Қытайдың экологиялық жобасы, әлемдік қауымдастықтардың жоспары секілді маңызды ақпараттарға баса мән беріледі.

«Климат өзгерісін тежеуге қатысты қаржылық шығынды есептеу, жағдайды сараптау үшін құрылған зерттеу тобына АҚШ пен Қытайдың қатысуы мәселенің оң шешім табуына жол ашақ. Бұған дейін қос экономикалық күштің екеуі араздық пен шиеленісті халге қарай ортақ іске жұмылуы қуантқан еді. Алайда қай тарап болмасын өзгеріс мәселенің толыққанды жауапкершілігін мойынға алуға асығар емес. Ақпанда Қаржы министрі Джанет Йеллен «Үлкен жиырмаалыққа» әріптесіне (екі ел де G20 қауымдастығына мүше – ауд.) климаттық жобаларда АҚШ-тың төрағалық құқығы болуы мәлімдеді. Арда күн салмай, Қытай Орталық банк басшысы И Ган аталған сараптау тобына башылық жасауға Қытай да ниетті екенін білдірді. Бүгінде АҚШ Қытайды басты бәсекелесі санайды. Байден жаңа стратегиялық бас құжаттыңда Қытайды жағалы басталасы санап, халықаралық жүйедегі экономикалық, дипломатиялық, әскери және технологиялық тұрғыдағы лайықты күш деп бағалаған. Ал өткен жексенбіде Қытайдың Сыртқы істер министрі Ван И климат өзгерісінің алдын алу ортақ міндет екенін айтып, екі жақтың арақатынасты жақсартуға мүмкіндігі барын жеткізді».

Расында, ғаламдық мәселені шешудің өзінде алпауыт елдердің сайысуға бейім болымысы басым түсіп жатады. Мұны біз «саяси рефлекс» деп түсінеміз. Әйтпесе, Қытай табиғатты қорғау, климат өзгерісін тежеу мәселесінде АҚШ-тан кем қадам жасаған жоқ. Тал ету, электр энергиясын тұтынатын көліктерді көбейту, қоқысты қайта өңдеу секілді бастамалары бұрын да айтылған болатын. Оған қоса мақаладағы Қытай көшбасшысы Си Цзиньпин экологиялық бастамасы дәлел бола алады.

«Өткен жылдың қыркүйегінде Қытай башысы Си Цзиньпин 2060 жылға дейін көміртегі мен көмірқышқыл газынан құтылатынын айтты. Содан бері Бейжің ішкі энергетика саясатында өзге де жобаларды бастады. Ал АҚШ болса, климат жөніндегі Париж келісіміне қосылуға ниет білдірген».

Автор бұдан өзге қос мемлекеттегі адам құқығы, Тайвань аралдары, әскери байланыс секілді мәліметтерді мақалаға сынайы енгізуге тырысқан. Алайда көпөзді әрі тақырыптан ауытқушылық байқалғасын, сөз етпеуге тырыстық. Ессесіне, мақалада климат жанашырларының Бейжіңге сенімсіздігін тарқата жеткізеді. Автор Ша Хуа Бостон университетінің жаһандық даму саясаты орталығының мәліметін мысалға келтіріп, мәселеге дерекпен көз тастаған.

«Белсенділер мемлекеттердің алған жауапкершілігі Жердің 2 градустық жылынудан сақтап қалуға қауқарсыз деп дабыл қағуда. Оған қоса қос тараптың өзге де экономикалық мүддесі бұлыңғыр. Мәселен, 2000 жылдан бері Қытайдың саяси банкірі ішкі-сыртқы көмір жобаларын қолдау үшін 52 млрд долларға жуық несие берген. Ал өткен жылды Қытайдың Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің өкілдері мен халықаралық климатты қорғаушылар бірігіп, мемлекеттің шет елдегі инвестицияларына экологиялық талапты бекітті. Сондай-ақ ақпан айында Қытай билігі ғаламдық жылынуға қатысты халықаралық келіссөздерді жүргізуді дипломат Се Чжэньхуаға тапсырды. Се Чжэньхуа – АҚШ президентінің климат жөніндегі арнайы өкілі Джон Керриді жақсы таныған «жарты қадам» деп қабылдауда. Қалай болған күнде де адамзатты қатерден арылту идеясы бітіспесті бауыр, қарсыласты қарындас қылатын күшке ие екені айтпаса да түсінікті. Оның үстіне, «ортақ үйдің» саулығынсыз бір мемлекеттің бірінен үстем тұруында не мән бола қойсын?!»

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕМІСІ

ШЕКАРАСЫ БЕКЕМ, ҚОРҒАНЫ МЫҒЫМ

Қарабах жанжалы екіжақты аймақтық бөлініс пен шекара мәселесіне бей-жай қарамау қажеттігін аңғартты. Осындайда Тәуелсіздік жылдары еш елге есе жібермей мемлекеттік шекараны шегендеп, іргемізді бүтіндеп алғанымыз қандай жақсы. Себебі шекара түгендеуде теңіз өзгелердей жас мемлекет емес, Ресей мен Қытай секілді алпауыттар болды емес пе? Ондай қырағы көрінісмен шекара нақтылау түгілі, келісімге отырудың өзі жылдарға созылуы мүмкін еді. Оның үстіне жаңа ғана азаттық тиген аз халық ұлан ғайыр жерге еге болса, қай елді түрен түртпесін. Сондықтан жан-жағы толған әккі саясат арасынан келер ұрпақ үшін батыл әрекет жасаған сол кезгі мемлекет қадамы ерлікке пара-пар көрінеді.



Қазір де бар ғой, «мына аймақ біздікі», «ана жер қазақтыкі» деген әңгімелер. Қарап отырсақ, осы мұраны сақтап қалу да оңайға соқпаған. Мәселен, алғашқы шекара нақтылау қадамы басталған Қытаймен келіссөздің өзі екі жылға созылған. Тек 1994 жылдың 26 сәуірінде «Қазақстан Қытай мемлекеттік шекарасы» туралы келісімге қол қойылды. Уағда бойынша Қазақстан Сауыр тауынан Шаған-Оба асуының сол жағына дейінгі 442 км² (70%) жерді егеленсе, Қытай халық республикасына Адырбай және Талдыбайық өзенінің жоғарғы ағысы, Тарбағатай тауының оң жақ бөлігі мен Баймырза асуынан 187 км² (29,7%) бекітілді. Сол аралықта 944 км² даулы аймақтың 56,9 проценті Қазақстан тарапына, 43,1 проценті Қытайдың иелігіне берілген. Мұны айтудағы себеп, келісім күшіне енген кезеңде ел

арасында жер бөлінісіне көңіл толмаушылық кездескен. Алайда ғалымдардың тарихи дерек, жер ерекшелігіне құрылған аргументтері әділ келісімді ақтап шыққан көрінеді. Қалай дегенмен, қазба байлық, шабындық, жайылым жердің дені біздің үлесімізге тигенін ескеру керек секілді.

Ресеймен де келісім оңайға соқпады. Қазір құрылғыға ең ұзын шекара саналып орныққанмен, кезінде иен жерді еншілеуге әрекет жүргені жасырын емес. Осы орайда ел аузында жүрген Борис Ельцин мен Нұрсұлтан Назарбаев арасындағы әңгіме есіме түсіп отыр. Бейресми кездесудің бірі болса керек, сол кезгі Ресей президенті Борис Ельцин Нұрсұлтан Назарбаевқа Теңіз кен орнын Ресей құрамына қаратуды ұсынады. Әңгіме ауаны өзгергенін байқаған Елбасы Ельцинге қарап: «Жарайды, онда бізге Орынборды

кайттарыңыздар. Ол біздің тарихи астанамыз емес пе?» деп жауапты қалжыңға сүйеген екен. Жиындағылар әзіл-шыны аралас жауапқа күліп, разы болған көрінеді. Кейін бұл мәселе қайтып көтерілмеді. Міне, жер дауына келгенде өткір әзіл мен қалжың орайы да үлкен көмек беретінін дәлелі.

Өзге көршілермен шекара бөлінісінде тек нақты құжат, тарихи дерек емес, халық қалауы да ескерілген. Елбасы белгілі журналист Сауытбек Әбдірахмановпен сұхбатында айыр қалпақ ағайындармен болған сондай келісімді былайша еске түсіреді:

«Қырғыздарда Степное деген бір село бар. Шекара сызығы сол селоньң дәл жанынан өтеді екен. Шекара анықтау барысында сол ауылдың қабыр-қорымы Қазақстан жағында қалатындығы анықталды. Қырғыздар жаңағы тұстан 13 гектар жер беруді, яғни ата-

балалары жатқан бейіттің аумағын өздерінде қалдыруды сұрады. Мен бұл өтінішке түсіністікпен қарауды тапсырдым. Оның ессесіне Жамбыл ауданының біраз демалыс үйлері мен саяжайлары картографиялық талап бойынша қырғыздарға қалып қоюы керек екен, олар бізге сол жерлерді Қазақстанға қосуға келісті. Сондай-сондай басқа да ауыс-түйістер болды, олардың бәрі дау-дамайсыз шешілді» – дейді.

Шынында, келер ұрпақ алдындағы жүзіміз жарқын тұстың бірі – шекара белгілеу, даусыз келісім орнауы. Ендігі міндет мемлекет аумағын қорғау, келісімді өз күшінде сақтау екені белгілі. Әлемдік ахуалда сәт сайын құбылған тұста елдіктен айырылмаудың төте жолы да жер бүтіндігі. Сондықтан бүгінгідей емес, келер буынға артылған жүк еселенері анық.

Е.БАЛТАБЕКҰЛЫ

САРАПТАМА

ОТБАСЫНДАҒЫ ОТАҒАСЫНЫҢ РӨЛІ НЕГЕ ӨЗГЕРДІ?

Мақаланы мына мысалмен бастағанды жөн көрдім...

Осыдан бірнеше жыл бұрын бір танысым тұрмысқа шықты. Некесі қиылған күннен бастап келіншегі күйеуін атымен атамай, отағасы деп еріне лайық бар құрметті көрсетті. Көпшілік сырттай қарағанда сол отбасының жылылығына тамсанатындай еді. Одан кейін бірталай жыл өтті. Әлгі танысым үйіне қонаққа шақырды.

«Шақырған жерден қалма, шақырмаған жерге барма» дегендей шақыруын қабыл алып бардым. Бір кездері патшадай құрметке ие болған отағасы ас үйде ошақ басында жүр. Алдында алжапқыш, қолында ыдыс, дастарқан дайындауда. Әйел адамның міндеті еркекке ауысқаны қалай деген ой қалды? Түсінбедім де...

Мендегі ойды құрбым сезгендей болды. «Орынбайдың мені алғанда қызметі бар еді. Қазір жұмысы жоқ. Енді үйде осылай тірлік етпеген де не істейді? Өзім болсам алансыз сыртта жүремін, жұмысбастымын. Қазіргі заманда ақша табу оңай емес» деді. Күйеуін де үн жоқ. «Мен пісірген тамақ қандай болыпты?» деп сұрағаннан басқа...

2 БЕТТЕ

СПОРТ

«ҚАЙСАР»

жаңа маусымға дайын




Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова «Қайсар» футбол командасының құрамымен танысып, ойыншыларға жаңа маусымда киіп шығатын жейделерін табыстады.

3 БЕТТЕ

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

ДАРИЯ ДЕМІ ІШІНДЕ



Көктем келсе қытымыр қыстың аязды күндерінен құтылық деп қуанатынымыз рас. Алайда көктемнің де қарбаласы аз емес. Су мен отты тілсіз жау санаймыз.

Көктем келсе Сырдария деңгейіне боларекендеп ұайымдаймыз.

Дария жайын, төтенше жағдайдың алдын алу барысын Қызылорда қалалық Төтенше жағдайлар басқармасының бастығы, азаматтық қорғау майоры Жасұлан Түйменовтен сұраған едік...

3 БЕТТЕ

4 БЕТТЕ

ЖАҢА ҒИМАРАТ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

«Nur Otan» партиясы Қызылорда қалалық филиалы жаңа ғимаратқа көшті. Кәсіпкерлердің демеушілігімен салынған нысанның ашылу рәсіміне облыс әкімі, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының төрағасы Гүлшара Әбдіқалықова қатысты.



– Бүгін қасиетті Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы қарсаңында «Nur Otan» партиясы Қызылорда қалалық филиалының жаңа ғимаратын салтанатты түрде пайдалануға бергеніміз құттықтаймыз. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кеменгерлігімен «Nur Otan»

партиясы еліміздегі ең ірі әрі белсенді партияға айналды. Партия алғашқы құрылған күннен жігерлі бастамалар көтеріп, халықтың мүддесін жеткізіп,

азаматтардың өзекті мәселелерінің шешімін табуға ұйытқы болып келеді. Бүгін міне 36 бастауыш ұйым мен 261 партиялық топты, 9 мыңға жуық

партия мүшесін бір шаңыраққа жинап отырған қаламыздың саяси жетекші күші жаңа ғимаратқа көшірілуде. Жаңа ғимарат халық



игілігіне қызмет ететін болады, – деді облыс әкімі.

Салтанатты шарда қаржы саласының ардагері Қалқазбек Әжібеков жаңа ғимараттың ашылуымен құттықтап, лебізін жеткізді.

Жетекші партия филиалының жаңа ғимараты заманауи талаптарға сай, озық сәулет үлгісінде салынған. Мұнда 100 адамға арналған конференция залы бар. Сондай-ақ азаматтарды қабылдауға арналған «Қоғамдық қабылдау» бөлмесі де қарастырылған.

Қазіргі таңда «Nur Otan» партиясының облыста 1 аймақтық, 11 аумақтық филиалы, 45 мыңға жуық мүшесі бар.

«Ақмешіт-ақпарат»

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ҚАЛА ӘКІМДІГІНЕН КӨМЕК

Тілсіз жаудың кесірі тағы бір отбасыны баспанасыз қалдырды. Бұл жолы оқиға Сабалақ саяжайындағы тұрғын үйдің бірінде болды. Құдай сақтап, адам шығыны жоқ.

Осы орайда қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасымен өрттен зардап шеккен отбасыға көмек көрсетілді. Оқиғаның мән-жайымен танысқан шаһар басшысының орынбасары Бектас Нұрдинов олардың жалдамалы пәтерге көшетінін айтты. Ал пәтер ақысы Тасбөгер кенті әкімдігі есебінен төленеді. Сондай-ақ демеушілер көмегімен тұрмысқа қажетті дүниелер беріледі.

Өртке оранған баспана жалғызбасты ана Сағыныш Дәулетованың анасына рәсімделген екен. Қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және хал ақтілерін тіркеу бөлімінің басшысы Индира Ақжігітованың айтуынша, баспанаға қатысты құқық меншігін анықтау жұмыстары жүргізіліп, құжаттар қайта рәсімделік. Оған қоса зардап шеккен отбасыға бір реттік мемлекеттік жәрдемақы тағайындалады.

КАРАНТИН ТАЛАБЫ ӨЗГЕРДІ

Облыстың бас санитариялық дәрігерінің жаңа қаулысы шықты. Онда пандемиялық ахуалға байланысты карантин талаптарына бірқатар өзгеріс енгізілген.

Жаңа қаулыға сәйкес карантин шараларына байланысты кей шектеулер бұрынғысына өзгермейді. Тек банкет залдарында ас беруге ғана рұқсат етілген. Оның өзінде қонақтар саны 50 адамнан артық болмауы, залдың толуы 30 проценттен аспауы тиіс. Сондай-ақ мектепке дейінгі мекемелер белгіленген талап негізінде ғана жұмыс істейді. Топтарды біріктіріп іс-шара өткізуге, ата-аналардың ішке кіруіне тыйым салынған. Жалпы білім беретін мектептерде 1-5 сынып оқушыларына бала санын 25-тен асырмай аралас форматта оқытуға болады.

Ал ойын-сауық іс-шараларын, көрмелерді, форумдарды, конференцияларды, сондай-ақ отбасылық, салтанатты, естелік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар), оның ішінде үйде және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды өткізуге, букмекерлік кенесердің қызметіне, балаларды сауықтыру лагерлерінің қызметіне, мерекелік корпоративтерді өткізуге тыйым салынады.

«Ақмешіт-ақпарат»

Біреудің отбасына араласа алмаймыз, араласқын да келмейді. Бірақ ақша қалай ағамды өзгертеді десеңші. Кезінде табысты еркек патшайы болды. Жұмысы тоқтаған соң түздегі, үйдігі тақтан түсті. Отағасы емес ошақ басындағы Орынбай болып қалды. Мұндай көрініс кімге ұнасын? Сонда оның отбасындағы орнын табысымен бағаланатын заман болғаны ма? Мейлі ғой, ерінің басына қиындық түскен екен. Кімнің басында болмайды. Әйелі жұмысқа тұрып, ақша тапса, басқаның емес өз отбасын асырап жүр. Қанша жерден мол табысқа қол жеткізсе де, «Алтын басты әйелден бақыр басты еркек артық» деген емес пе...

Осындай сәтте көреген бабаларымыздың айтқаны еріксіз еске түседі:

мына сүбелі сұхбатың көріп, арнайы тыңдаған едім.

– Әкенің отбасындағы рөлінің төмендеуі – қоғамдық дерт. Қазақ даласына мұсылмандықтың келуімен ерлер қоғамда өз орнын айқын иеленді. Одан бергі тарихымызда да ерлер отбасының асыраушысы, негізгі тұтқасы ретінде сақталып калды. Бұл үстемдік XX ғасырдың 40 жылдары Кеңес үкіметінің идеологиясы толық орнағанға дейін сақталып келді дегуге болады. Өйткені ұлт зиялылары «Алашорда» идеясымен бой көрсеткен кезде де қазақ халқы үшін шешімді ер-азаматтар қабылдап отырды. Әке аты қасиетті «үлкен үй», «қара шаңырақ» деген ұғымдармен сыйлы да құрметті болды. Қазақ әкенің тәлімі мен тәрбиесін қашанда қадір тұтып келген.

алшаң басып, бар шаруасын бітіріп, алдына кездескен кез келген қорғанды бұзуға дайын болады. Ал әкесіз бала – сұжүрек, жиын тойға барады, бірақ босағада қалады деген. Яғни жасқаншақ болатынын меңзеп тұр. Сондықтан біз бала тәрбиесінде әкенің қаншалықты маңызды рөл атқаратынын білгеніміз жөн. Ерін сыйламайтын әрбір әйел сол отбасында желкілеп өсіп келе жатқан ұл мен қыздың болашақ тағдырына кері әсерін тигізіп жатқанын білуі шарт. Әйел қанша жерден ақылды, білімді болсын, қызмет дәрежесі жоғары болсын балаларының болашағы үшін ерінің алдында иіліп тұруы керек. Сонда ғана қазаққа ғасырлар бойы мүлтіксіз қызмет қылып келген отбасы институты қалпына келеді.

несиесі бар. Соның бәрін үйдің еркегі ойлауы керек. Оның үстіне жұмысы жоқ болса да ішіп жүретін азаматтар да баршылық. Ал ішімдіктің салдарынан қаншама отбасы ойран болып жатыр. Баладан, әйелден, үйден, ағайыннан, абыройдан, бәрінен бір-ақ сәтте айырылып қалады. Кейін ойланған кезде кеш болады.

Сондықтан үй-ішінің жайлы өмір сүруі, бала-шағаның тәртіпті болып өсуі шаңырақтың темірқазығы саналатын отағасының ақылы мен еңбекқорлығына байланысты. Әйел үй ішінің берекесін келтірсе, сол берекеге берік негіз қалайтын ер адам екенін неге естен шығарамыз? – деді Айымқұл.

ОТБАСЫНДАҒЫ ОТАҒАСЫНЫҢ РӨЛІ НЕГЕ ӨЗГЕРДІ?

Қилы-қилы заман болар,
Қарағай басын шортан шалар.
Сыыр пұл болар, қатын би болар...

Оған қоса «Алдараспан» театрының «Сүндет той» әзіліндегі Сегізбайдың бейнесін көргендей болдым. Онда да табыскер әйел мен ошақ басындағы еркек. Бүгінгі ашы шындықты әзілмен жеткізген көрініс арамьзда да бар екеніне көзім тағы жетті.

Өкініштісі, осы күні төрдегі орнын босатып, босағадан сығалап жүрген әкелер қаншама... «Отбасындағы ерлердің рөлі өзгерді», «әкелердің беделі төмендеді», «бүгінгі ерлері ұсақталып барады», «батыр тұлғалы бабамыздың ізін жалғайтын ерлер азайып кетті», «қожайын деп айта алмаймын», «еркектер – жалқау, жағылшыр» деген сан түрлі пікірді естіп жүрміз. Бәрімізді толғандырары анық.

Дәстүрлі қазақ қоғамында тәрбие алған қазақ баласының әкеге деген құрметі ерекше болатын. Жүзінен мейірім төгіліп тұрмаса да қас-қабағынан бәрін түсініп өскен бала әке қаһарынан сескеніп жүретін. Әке тәрбиесі деген осы.

Сонымен отбасындағы ер адамның рөлі қандай? Шаңырақтың тұрақтылығы мен берік қорғанысының кепілі – әке өз міндетін мүлтіксіз атқарып жүр ме? Күйікі тірліктің күйбеңі мен күйзелісіне қазіргі еркек кіндіктерінің шыдамай, жүйкелері жиі сыр беретіні несі? Сараптап көрелік...

ҚЫЗЫМ, САҒАН АЙТАМ...

Алсықа бармай-ақ өз анамың тәрбиесінен бастайын. Бала кезімнен анам мына сөздерді құлағымға құйып келеді. «Ер адамның алдын кесіп өтпе», «Ер азаматтың сағы сынбасын. Егер сағы сынса, ол оны көтермеуі мүмкін. Ал «қыздың қырық жаны бар» деген. Нәзік жандар қанша нәзік болса да мықты келеді», «Ердің орны бір саты жоғары екенін ұмытпа. Мен тіпті төркіміне барған кезде де әкесінен төмен отырмамын. Осыны есте сақта» дейді. Сол ұстанымдарды өзі ұстанып келеді. Әкемің алдын кеспек түгілі көлігің алдынан да өтпейді. Үйдің мөлселенің соңғы нүктесін әкем қояды. Үнемі «күйеуіммен ақылдасуым керек» деп отырады. Оған қоса өзі айтқандай ешқашан әкемінен жоғары шығып отырмайды, ондайға мүлдем қарсы. Қоғамда осындай дана аналарымыз көп болса екен деймін.

Иә, анам Зәуре Темірханқызының тәрбиесі темірдей болды. Содан да болар, мен әлгі танысымының табысы үшін ерін төмендеткен қылығын дұрыс көрмедім. Құптай алмадым. Құранда «Еркектерді биік қылып жараттық. Әйел еркектермен таласпайын. Олар несібесіне қанағат қылысын» дейді. Оны жоғары қылып жаратуының себебі табыс табушы еркек әрі табысын отбасымен бөліп жеу керек. Ал егер өзін еркек ретінде сезінбесе, жарытып жұмыс істеп, табыс таба алмайды екен.

ӘЙЕЛІ МЕН ЕРДІ ТЕНЕСТІРУ – АҚЫМАҚТЫҚ

Бұл – батыр атамыз Бауыржан Момышұлының ғана емес, қазақтың келіні аттанған Зейнеп Ахметова апамыздың да сөзі. Бірде ютуб каналынан Зейнеп апамыздың

Басы 1-бетте



Өткен ғасырдың 90-жылдарындағы проблемалар қазақ отбасында ежелден қалыптасқан дәстүрді бұзды. Елдегі әлеуметтік-экономикалық жүйенің тұрақсыздығынан жер-жерде жұмыссыздық белең алып, оның арты үй ішіндегі кикілжіңді, ұрыс-керісті, дау-жанжалды ұшықтырды. Сабырсыз, тәубесіз әйел күйеуінің ақша таппағанын бетіне басып, бала-шағаның алдында намысын таптаудан тайынбады. Тамақ пен киімге жарытпаған әкесін іштей кінәлаған бала оған деген сенімін жоғалтып, құрметтейтін болды. Содан бері ширек ғасырға жуық уақыт өтсе де бұрынғы қазақы қалпымызға түсу оңай болмады. Әйелдер көбіне қызметтік сатыларда еркектерден жоғары тұратын болды. Үлкен-кішінің алдында күйеуінің беделін түсіріп, «қолынан түк келмейді» деп балағаттайтын келіншектер аз емес. Ал шешесінің осы сөздерін жиі естіген бала әкесін қалай сыйласын?

Жалпы әйелдер де басқарады. Бірақ нені? Үйдің өзіне тиесілі шаруаны, ағайынның арасындағы сыйластықты, бала тәрбиесін қадағалайды. Оған қоса ерінің тапқанын бәріне жеткізіп, үйлестіріп отыруы тиіс. Тек соны басқаруға ғана құқы бар. Әйел мен ерді теңестіру – ақыматтық, – деді Зейнеп Ахметова.

ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНДА ЕРЛЕР ИНСТИТУТЫ САҚТАЛҒАН

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің тарих және Қазақстан халқы Ассамблея кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі Бақытжан Ахметбектің пікіріне сүйенсек, тәрбиеде бала анасынан мейірімділік пен даналықты сінірсе, әкесінен ежеттік, батылдық сияқты қасиеттерді бойына сініріп өседі дейді.

– «Әке – асқар тау, ана – баурайындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» деген бірауыз сөзге бүкіл тәрбиенің бастауын қазақ атамыз сыйғыза білген. Асқар таудай әкесін пана тұтқан бала қорқақ болмайды. Ал ана атты бұлақтың мейіріміне қанып өскен ұрпақ өзгеге де мейіріммен қарайды.

Бұқар жырау «Әкелі бала – жаужүрек, жиын тойға барады, төрден орын алады, бітіреді жұмысын, тастан да өткізер жебесін» дейді. Өзіне қорған болған әкесінің арқасында

Баланың жиі айтып жүріңіз: Балам, әкесінің киімін жоғары қой. Балам, әкесінен ұят болмасын. Әкесінің аяқ киімін дұрыстап қой.

Әкенді тамаққа шақыр. Әкесінен рұқсат сұра. Әкенді шығарып сал. Әкең келе жатыр, үйді жинастыр. Әкесінің мазасын алма. Әкесінің сөзін тында. Әкеңмен ақылдас.

Мен Қытайдың қазақтарына сабақ бердім. Сонда олардан сұрағаным бар: «Ол жақтағы отбасында әкенің орны қандай?» деп. Жауап мынадай болды: «Әкесінің мінезі нынжық болса да барлығы сөзін тындайды, құрметтейді. Айтқанын орындайды» делі. Сөздеріне қарап риза болып, ерлер институты әлі сақталғанын білдім, – деген ойыммен бөлісті аға оқытушы.

ЕРКЕКТІң БЕДЕЛІ ОНЫң ӨЗІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Макала барысында біз жас отбасы иелерінің де пікірін білгенді жөн көрдік. Жас ана Айымқұлдың айтуынша, «еректі құрметтеуді білетін халықпыз. Алайда кейде өздері өз беделін түсіріп алады» дейді.

– Жасыратыны жоқ, қазір сананы тұрмыс билеген заман. Отбасында кім мол табыс тапса, соның сөзі өтімді. Ал жұмыс істемейтін еркекті кім құрметтесін? Себебі халықтың көбінде әлеуметтік жағдай онша емес. Содан ұрыс шығады. Өркімнің басында

Тілші түйіні:

«Жақсы әйел жаман еркекті хан қылады, жаман әйел жақсы еркектің басын даң қылады». Біз ойлап тапқан мақал емес, бабалардан жеткен дана сөз. Сондықтан ұлым ұлықты, қызым қылықты болып өссін десеңіз, Құдай қосқан қосағыңызды ұлықтаңыз. Сонда ғана қазақтың маңдайына басатын ұлағатты ұрпақ өсіп шығады. Отбасыңыз да жайлы болады.

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ

2021 жылы МӘМС үшін кімге және қанша төлеу керек?

Қызылорда облысында халықтың 80% - дан астамы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің қатысушылары болып табылады. Сонымен қатар сақтандыру мәртебесіне қарамастан барлық азаматтарға жедел көмек көрсетіледі, деп хабарлады әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының облыстық филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов.

ӘМСҚ филиалының басшысы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі жарнаның мөлшеріне қарамастан, барлық сақтандырылған азаматтар үшін қызметтер пакетіне тең қол жетімділікке негізделгенін баса айтты. МӘМС бойынша көмекке жүгінген кезде пациент медициналық қызметтердің көлемі мен құнын шектемейді.

Қор филиалында міндетті медициналық сақтандыруды кімге қаншаға және қайда төлейтінін түсіндірді.

Сақтандыру мәртебесізді ыңғайлы түрде тексеріңіз:

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының fms.kz сайты (оң жақ төменгі бұрыштағы қалқымалы терезе).
Электрондық үкіметтің egov.kz веб-сайты (жеке кабинетте және «денсаулық сақтау» бөлімінде).
Telegram-дағы SaqtandyruBot («Сақтандыру мәртебесін анықтау» басты мәзірінде).
Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы («Сақтандыру мәртебесін анықтау» басты мәзірінде).

Міндетті медициналық сақтандыру үшін қанша төлеу керек?

Егер сіз сақтандырылмаған болсаңыз, төлеуші санатына қарай МӘМС-ке ай сайынғы төлем мөлшерін анықтаңыз: Азаматтардың 15 жөңілдікті санаты-жарналарды мемлекет төлейді.

Жалдамалы жұмыскер – төлемді жұмыс берушінің бухгалтерия бөлімі жарналарды есептеу объектісінің 2%-ы (салыстыру үшін, 2020 жылы – 1%) және еңбекақы төлеу қорының 2%-ы мөлшерінде жүргізеді.

Жеке кәсіпкерлер, шаруа қожалықтарының иелері, жеке практикамен айналысатын жеке тұлғалар – 1,4 ең төменгі жалақының 5%-ы (ең төменгі жалақы 2021 ж. 42500 теңгені құрайды), сондықтан төлем мөлшері өзгеріссіз қалады - 2975 теңге).

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар (жалдамалы қызметкерлерсіз және ЖК тіркеуісіз қызмет көрсететін тұлғалар)/ Бірінғай жиынтық төлемді төлеушілер – республикалық және облыстық маңызды бар қалақар үшін 1 АЕК (01.01.2021 ж. – 2917 теңге), басқа елді мекендер үшін – 0,5 АЕК (01.01.2021 ж. – 1458,5 теңге)

Дербес төлеуші – 1 ең төменгі жалақыдан 5% (2021 жылы ЕТЖ мөлшері өзгергендіктен 2125 теңге).

АКС шарты бойынша жұмыс істейтін жеке тұлғалар – табыстан 2% (2020 жылы 1% ұсталды), бұл ретте ең жоғары мүмкін төлем 8500 теңге яғни 10 ең төменгі жалақыдан 2%, 42500 x 2% = 8500).

МӘМС үшін қайда төлеу керек?

Сіз жарналарды төлеп, сақтандырыла аласыз:
– Екінші деңгейдегі банктер және олардың интернет-сервистері;
– Kaspi.kz мобильді қосымшасы;
– «Қазпочта» АҚ филиалдары;
– төлем терминалдары (Qiwі, Kassa24 және т.б.);
– медициналық ұйымдарда жедел төлем үшін терминалдар.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ!

АНАШЫМ, ЖҮЗІҢІЗ НЕГЕ ЖАБЫРҚАУ?

– Әй, Сапар, үйдемсің? – деп Ерғазы есіктен кіргеннен жан ұшыра айғайлай сөйледі.
– Мынаған не болған? – деп Сапардың әйелі Нұргүл келген қонағын күтіп алуға ыңғайланды.
– Сапар, әй, Сапар, қайдасың? – деді сөзін қайталаған Ерғазы.
– Тағы да ішіп алған ба? – деді Нұргүл жақтырмай.
– Ереке, не боп қалды? – деп Сапар ішкі жақтан шықты.
– Сұмдық, сұмдық... Ерғазы бір сөзін бірнеше рет қайталады.
– Айдын күні аманында не болды енді, айтсайшы, – деді Нұргүл шыдамсызданып.
– Ба-ба-ба-қытбек, Бақытбек қайтыс болыпты, – деді Ерғазы сөзін зорға сабақтап.
Мына хабар төбеден жай түсіргендей болды.
– Қашан?
– Кеше ғана жүр еді ғой.
– Ауырмаған сап-сау сияқты еді.
Сапар мен Нұргүл аң-таң болды да қалды.
– Жол апатына түсіпті, – деді Ерғазы.
Ерғазы, Сапар, Бақытбек үшеуі – бір сыныпта оқыған құрдастар. Олардың арасында ерекше достық бар еді. Жақын бауырлар да дәл бұлай араласпайтын шығар. Бақытбектің қазасы екі досқа онай тиген жоқ. Бір-бірін құшақтап жылап алды. Өксіктерін баса алмай ұзақ отырды.
– Бұл жерде отыра бергеніміз жарамас.
– Иә, үйіне барайық.
– Байғұс Гүлжамал бес жасар Сапабекпен жесір қалды-ау.
– Айтпа, оларды ойласақ өзегіміз өртенеді, – деп үшеуі Бақытбектің үйіне қарай беттеді.

Бақытбектің үйіне келсе «ой-бауырымдаған» ағайындар қатарда тұр екен. Ішкі жақтан Гүлжамалдың сай-сүйегінді босатып, жүрегінді елжіретер зарлы үні шығуда. Бұлар ағайынмен көрісіп болғаннан кейін Гүлжамалдың қасына барды. Ерғазы мен Сапар ұзақ тұра алмай, өксіктерін басаған күйі сыртқа шықты. Қалай шыдасын? Іштері қан жылап тұр ғой. Оның үстіне ебіл-дәбіл болып отырған Гүлжамалды көргенде екі көзден жастың орнына қан аққандай. Қасында «Анашым, жүзіңіз неге жабырқау? Жыламанызшы» деп кішкентай Сапабек отыр. Бұл күні бүкіл аспан күркіреп, жас төккендей. Табиғаттың өзі Гүлжамалдың қайғысына ортақтасып, көңіл айтып жатқандай еді.

Арада он сегіз жыл өтті.
Бұл күнде Сапабек жоғары оқу орнын бітірген зінгіттей азамат. Озі ауылдағы мектепте тарих пәнінің мұғалімі. Жұмысын да жақсы біледі. Оның мұндай үлкен азамат болуы үшін анасы – Гүлжамал қолынан келгенін жасады. «Ұлымды ешкімен кем етпеймін» деп еңбектенді. «Бақытбектен қалған шаңырақтың түтінін сөндіреймін» деп тұрмысқа да шықпады. Оның үстіне баласын біреудің қолына қаратқаны келмеді. Осылай күн артынан күн, жыл артынан жыл жалғасып, уақыт дегенің зымырлап өте берді.

Бірде Сапабек:
– Анашым, мен келін алып келейін. Сізге қолғанат болады, – деді.
Гүлжамал баласынан көптен бері осындай хабарды күтіп жүрген еді.
– Сені қашан мына үйге келін түсіріп қуантады, – деп жүр едім деді күлісіреп.
– Анашым, оны көрсеніз ғой, «біздің үйге келін болатын қыз екен» деп еріксіз таңдай қағасыз.
– Қойшы-ей, рас па?
– Рас болғанда қандай? Менің жан дүниемді жақсы түсінеді. Сіздің де бар жағдайыңызды жасайды.
– Осыныша мақтап отырған қыздың тезірек алып келсейші енді. Біз де ауыл-аймақты жинап, ағайынның басын құрап той жасайық. Ел-жұрт Бақытбектің үйінің оты сөнбегенін көрсін.
Анасы мен баласы ұзақ әңгімелесті. Ақыры, той күнін белгілеп, ағайын мен дос-жаранға хабар берді.

Сапабек анасымен сөйлескеннен кейін ҚазҰУ-де қатар оқыған Гүлсімді үйіне алып келді. Екеуі университетте бабырғасында жүріп-ақ көңіл жарастырып еді. Тойлары да дүркіреп өтті. Тойда Ерғазы, Сапар секілді әкесінің көзін көрген құрдастары құдаларды тікесінен тік тұрып күтті. Екі жақ та разы болды. Гүлсімнің әкесі Алматыдағы үлкен бір фирманың егесі екен. Сосын тағы жеке базары мен тойханасы бар. Жағдайы бұлардан әлдеқайда жақсы. Бірақ ондай екемінің деп тұрған Гүлсім жоқ. Гүлжамалды туған анасындай көріп, жанынан шықпайды.
– Апа, сіз жұмысты қоймыңыз.
– О несі-ей, зейнеткерлікке шамалы қалғанда.
– Шын айтпаңыз, апа. Сапа екеуіміздің табысымыз жетеді. Ертен мен де жұмысқа тұрамын.
– Сонда да үйде отыра бергенде не істеймін?
– Не істегені қалай? Үйде отырып немерелеріңізді бағасыз.
– Әй, ақылдан айналайын.

Енесі мен келінің жақсы қарым-қатынаста болғанына Сапабек те разы. Бірақ Гүлсім Алматысы сағынатын.
Бірде аналары жоқта Гүлсім Сапабекке: – Сапа, ауылда өмір бақи тұрамыз ба? Үлкен қалаға – Алматыға барайық, – деді.
– Бұған апам не дейді, Гүлсім? Өзің ойландың ба? Менің екеуіңнен басқа кімім бар? Апамның жүзіне кірбің түсіргім келмейді.
Осымен бұл әңгіме бітті. Бірақ Гүлсім «Бұған апам не дейді?» деген Сапабектің сөзін сараптап жүрді. Оғанша енесіне айтып көрмекке бекінді.
– Сіз және Сапа екеуіміз Алматыға барсақ әкем үлкен үй әперер еді. Баспана мәселесінен мүлдем қиналмаймыз. Енді өзіңіз білесіз ғой, әкемің жеке базары мен мейрамханасы бар. Бізге қарасып тұрады. Сапаға айтсаң, сізді ренжітпей деп көнбей жүр...
Келінінен осындай сөздерді естіген соң Гүлжамал үндемеді. Тіпті мынауың дұрыс не бұрыс деген ішара да білдірмеді. Тек мұнайған күйі жүре берді. Ішпегі «Қаланың қызы далаға қалай үйренсін?» деп қойды.

Жұмыстан келген Сапабек: «Бүгін жұмыс қиын болды. Қатарынан алты сабақ бердім. Әй, сонда да мұғалім болып жұмыс істеген жақсы ғой. Білгеніңді балаларға үйретесің. Оның үстіне мен тарихшы емеспін бе? Небір тарихи оқиғаларды әңгімелеп бергенде балалар ұйып тындайды», – деп дастарқан басына жайғасты.
Келіншегі екеуі шүйіркілесіп отырып Сапабек анасының жүзінде мұң бар екенін байқады.
– Анашым, жүзіңіз неге жабырқау? Жағдайыңыз жақсы ма?
– Жақсы... Шырағым...
– Онда неге көңілісізсіз?
– Жай, сенің сабақ бергендегі әдісінді естіп, менің ұлым шынымен де азамат болыпты деп сүйсініп отырмын.
Шын мәнінде, Гүлжамал іштей келінінің «Алматыға көшейік» деп айған сөздерін ой елегінен өткізіп отыр еді. «Келін мен бала бір-бірін қатты жақсы көреді. Гүлсім де жаман қыз емес. Мінезі, тәрбиесі, бәрі-бәрі жақсы. Тек ауылың үйренісе алмай жүр. Алматыға барғысы келеді. Әкесінің байлығына арқа сүйеп отыр ғой. Біз Бақытбектен қалған шаңырақтың отын сөндіре алмаймыз. Екеуі ренжісіп қалса қайтем. Мүмкін балам үшін, баламың бақыты үшін барармыз» – деген ойға шомды.

– Әй, шырағым, Сапажан!
– Ау, анашым...
– Осы біз неге үлкен қалаға көшпейміз? Екеуің де оқыған жаныңдар. Алматыға барып жұмысқа орналассаңдар күнімізді көріп кетерміз.
– Мұны қайдан шығарып жүрсің?
– Сендердің болашақтарыңа кедергі болмайын дегенім ғой.
– Анашым, қайдағы кедергі? Сізге Гүлсім айтқан ғой. Өйтпесе, Алматыға барайық деген сөзді сіз өздігіңізден айта қоймасыңыз анық.
– Жөк балам енді...
– Әкемінен қалған шаңырақты тастап кететін ойым жоқ. Көктемде жана үй соғып, әкемінің Отанын тағы бір жаңғыртып қоямын ба деп жүрсем... Біздің арманымыз – қара шаңырақты сөбіңді күлкісіне толтыру емес пе еді!?

Гүлсім Сапабектен мұндай сөздерді естимін деп ойлаған жоқ. Өйткені қаланың сұлұан Алматы күн сайын шақырғандай еді. Өзінің балалық шағы, жастық дәуірінің өткен асем, шырайлы шаһарды қалайша ұмытады? Күйеуінің ойы басқаша, қара шаңырақты тастамайтынын айтты. Енді не істемек керек? Бәрін тастап кетіп қалайын десе Сапаны қатты сүйеді.
Үйіңағы жатарда Сапабек Гүлсімге: «Бәрі сенің іспен жүргенің. Саған айттым ғой, апамның жүзі жабырқамасын деп. Мені өсіру үшін жастық шағын құрбан еткен анашым тұрмысқа да шыққан жоқ. Жалғыз аламаға баланы жеткізу оңай емес. Әй, бірақ сен ондайы қайдан білесің? Өмір бойы әкеңнің тапқанын жаратып жүрген ерке қыз емес пе едің?» – деп әйеліне ренішін білдірді. Гүлсім де қалысар емес: «Енді қашанға жүрміз. Алматыға барсақ бәрі басқаша болар еді. Қаланың аты қала емес пе?» деп қояды. Баласы мен келінінің дауыстары қатты шығып жатқанын естіген Гүлжамал: «Құдай-ай, екеуі ренжісіп қалмаса жарар еді» – деп байық таппай ары-бері жүрді. Ашуға бұлжыма Сапа бөлмесінен шығып кетті. Қараса анасы дәлізде жүр.
– Анашым, неге ұйықтамай жүрсің?
– Жай, балам, ұйықпай келмей тұрғаны.
– Апа, бағана Алматы туралы айттыңыз. Гүлсім екеуіміздің көңілімізге қарап, бара салуға болмайды.
– Балам...
– Анашым, сіз Алматы жайлы айтқанда жүзіңізден мұң көрдім. Баяғыда әкем қайтыс болғанда жабырқаған түріңіз көз алдыма елестеп кетті. Біз ол жаққа бармаймыз.
– Маған бола Гүлсіммен ренжісіп жүрме.
– Гүлсім мені түсінеді. Оның үстіне әкемінен қалған шаңырақтың отын сөндірсем, атадан қалған қасиетті таптағаным емес пе?!

– Е, балам, сен мен ойлағаннан әлдеқайда ақылды болып шықтың.
Дәл бұндай ішкі сырларын ақтарып сөйлеспегендеріне көп болған екен. Таңның қалай атқанын байқамай қалды.
Шынында да Гүлсім қайсықүнгі жағдайдан кейін Сапабектерді Алматыға көшіруге шындап кіріскен еді. Алғашқы әдісі өтпеді. Солай екен деп тауы шағылып тұрған ол жоқ. Қайта керісінше үдетіп барады. Тіпті күн сайын ауылдан кетейік дегенді қайталайтын болды. Сондай сәттердің бірінде Сапа екеуі қатты ренжісіп қалды. Қаттырақ сөйлесе күйеуін Алматыға барады деп ойлап жеки сөйледі.
– Ауылда тұрсаң тұр өзін...
– Немеңе?
– Сенің естігің келгені осы емес пе?
– Тіліңді тартып сөйле.
Сөзіне сөз қайтарып, алдына енгелеп келіп қалған сүйіктісіне ашумен қалай қол көтергенін байқамай қалған Сапабек бұрылды да үйден шығып кетті. Гүлсім болса бетіне онбай тиген шапалақтан есін әрең жиды. Көршісінің үйінен келе жатқан Гүлжамал баласының үйден ашуланатын шығып бара жатқанын ғана көрді. Үйге кірсе Гүлсім заттарын жинастырып кетуге ыңғайланып жатыр екен.
– Шырағым, не болды?
– Апа, мен кетемін.
– Неге?
– Ол маған қол көтерді. Мен енді онымен тұра алмаймын.
– Қой қарағым, олай деме. Ашуыңды бас. Адам ашумен небір қателікке барады.
– Жөк, апа, жолымнан былай тұрыңыз.
Қанша тоқтатпақ болса да, Гүлсім енесінің сөзіне құлақ аспайды. Сапарайға барып сол күні жүретін автобуспен Алматыдан бір-ақ шығады. Алматыға барғанша жүрегі айнып, локуспен болады. Өзінің жұтқи екенін сезеді. Үйіне келіп әке-шешесіне мән-жайды әңгілеп айтқанның кейін бәрі оналады деп ойлаған. Жөк, керісінше еңесі Сапабекті жақтап:

– Қызым, алақанда аялаған баламыз едің. Бой жеттің. Теңіңді тауып, сүйегіңе қосылдың. Сапажан қара шаңырақтың түтінін түтетемін деп дұрыс жасап отыр. Апаң екеуіміз қанша жерден саған жақсы тәрбие берсек те, қара шаңырақтың қасиеті туралы айтпаппыз. Қателік бізден. Жүр, сені өзіңнің ақ босағана алып барайық, – деп құдасының ауылына тартады. Келсе Сапабек: «Анашым, жүзіңіз неге жабырқау? Келінің кетіп қалды деп өзіңізді жазғара бермеңіз. Гүлсім жіберген қатесін түсінген бойда оралды» деп анасын жұбатып аулада отыр екен. Дәл осы сәттің үстінен тұрған Гүлсімнің ата-анасы Гүлжамалдан кешірім сұрап, қыздарын қайта қабылдауды өтінеді.
– Құдағай, біздің қызымызды кешіріңіз.
– Қара шаңырақтың киесі туралы айтпаған едік.
– Кінә бізден.
– Ой-бұй, ол не дегендеріңіз? Балалар қателесіп жатса, үлкендер түзелей ме? Біз дұрыс бағыт берсек, бұлар қайда барады?
Құдалар абыр-сабыр боп жатқанда, Сапабек пен Гүлсім бір-біріне елжірей қарап тұрды. Бұл бұрынғы көзқарастардан мүлде бөлек еді. Құдды өздерінен басқа жан жоқтай сезімде. Екеуінің бір-біріне күлісіріп тұрғанын аңғару қиын емес.

Арада бірнеше жыл өтті. Сапа мен Гүлсімнің екі ұлы шаңырақты шаттыққа толтырып, Гүлжамалдың қуанышын еселей түсті. Енді бұларды Алланың шын қолдағанын, қара шаңырақтың оты сөнбейтінін білсе де, оның жүзінде бір мұң бар еді. Соңғы кездері марқұм күйеуі түсіне жиі еніп, оны қайта-қайта шақыратын болған. Соны ойлап “мағанда тіршілікпен қоштасатын кез жетті-ау” деп мұңайып, жабырқап жүрген кезі еді.
Бірде Сапа мектепте жүргенде анасы хәл үстінде жатыр деген хабар алады. Алып-ұшып үйіне келсе Гүлжамал баласын күтіп жатыр екен.
– Сапа, келдің бе, балам?..
– Иә, келдім, апа,
– Қара шаңырақтың отын өшірмеңдер, – деді де жүзі жабырқаған күйі жарық дүниемен қоштасып кете барды.
– Алғашқыда Сапа ештеңе түсінбей қалды. Меніреу құмның шатқалындай болған анасының жанарынан көз ала алмады. Бұл қарас оған таным еді. Өмірлік жары – Сапаның әкесі қайтыс болғанда да Гүлжамал дәл осылай сөстніп қалған болатын. Байғұс, сонда күйеуінің қазасына қатты қайғырған екен ғой. Одан кейін Гүлсім бұларды тастап Алматыға кеткенде де анасының жанарынан дәл осындай мұңды көріп еді. Енді міне, Гүлжамалдың жанарындағы тіршілік тіні үзілді. Сапа болса:
– Анашым, жүзіңіз неге жабырқау? – дей берді. Ал Гүлжамалда ун жоқ. Өйткені ол марқұм күйеуі Бақытбекпен қол ұстасып кетіп бара жатыр еді. Анасынан мәңгіге айырылғанын енді ғана түсінген Сапа “Анашым” деп Гүлжамалды құшақтай жылады.

Әзиз ЖҰМАДИҚОҰЛЫ

«ҚАЙСАР»

жаңа маусымға дайын

– Баршаңызды жаңа футбол маусымының ашылуымен шын жүректен құттықтаймын. Футбол – миллиондаған жанкүйерлердің сүйікті спорты. Футбол спорты жақсы дамыған Еуропа өнер көрсету – кез-келген команда үшін үлкен жетістік. Былтырғы жылы туған жеріміздің мерейін асырған командамыздың ел ішіндегі және сырт алаңдағы жеңісті ойындары рухымызды көтеріп, жанкүйер қауымды ерекше қуантты. Осы мерейлі сәтті пайдаланып, барлық бапкерлер құрамына, футболшыларымызға жанкүйерлер атынан алғымды айтқым келеді. Былтырғы маусымда «Қайсар» командасы жеңісті жолды жалғастырып, жүлделерлер қатарынан көрінеді деп сенеміз, – деді облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова.

Мұнан соң алған рет «Қайсар» футбол клубына арналған «Алга, Қайсар» атты әнді Жарасхан Төлебай орындады.

Тарихы «Волнадан» басталып, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында «Қайсар» атауына ие болған облыстың бас командасының ел футболы тарихында алатын өзіндік орны бар. 1991 жылдан бері «Қайсар» командасы 2 мәрте Қазақстан кубогының, 5 мәрте бірінші лига ойындарының жеңімпазы болса, 1999 жылы Азия кубогына қатысып, 2020 жылы тұңғыш рет Еуропа лигасында ойнады. Жарты ғасырдан аса тарихы бар «Қайсар» футбол командасына биыл жерлесіміз Сұлтан Әбділаев бас бапкер болып тағайындалды.

Команданың бас бапкері Сұлтан Әбділаев аймақ басшысы Гүлшара Әбдіқалықова бұл атының естелікке 12 нөмірлі жейдесін табыстады. Шара сонында облыс әкімі клуб ойыншыларымен естелік суретке түсті.

Айта кетейік, 14 наурыз күні Қазақстан Премьер лигасының бірінші ойынында Орталық стадионында қайсарлықтар «Тараз» командасын қабылдайды.

«ҚАЙСАРДЫҢ» ЖАҢА МАУСЫМҒА АРНАЛҒАН ҚҰРАМЫ

Қақпашылар:

- №21 Артем Леонов
- №34 Нұрмыжан Салайдын
- №71 Марсель Исламқұлов

Қорғаушылар:

- №3 Абылайхан Төлегенов
- №2 Елжас Сарбай
- №5 Егор Потапов
- №6 Бекзат Шадманов
- №13 Лияз Әмірсеитов
- №23 Олжас Алтаев
- №24 Сергей Карпович
- №16 Усман Н'Доје

Жартылай қорғаушылар:

- №7 Гегам Кадимян
- №10 Думан Нәзірдіаев
- №11 Мақсат Байжанов
- №14 Аян Құлмағанбетов
- №17 Бекзат Құрманбекұлы
- №20 Юван Чадженевич
- №27 Стефан Денковић
- №80 Арман Кенесов

Шабуылшылар:

- №9 Шокан Абзалов
- №70 Орхан Махан
- №77 Елжас Алтынбеков
- №92 Каролис Лаужкевич

Бас бапкер: Сұлтан Әбділаев

Басы 1-бетте

– Жасұлан Қалдыбайұлы, қала аумағындағы Сырдарияның су деңгейі туралы айтып өтсеңіз?

– Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасы мен «ҚазСушар» су торабы кезекшілерден күн сайын мәлімет алып отырады. Соңғы ақпарат бойынша қазіргі кезде Қызылордадан өтетін Сырдария өзенінің деңгейі бір қалыпты және су тасқынының қаупі де төмен. Судың ең жоғарғы деңгейі 126,61, ал төменгісі 126,49. Мұздың қалыңдығы – 45 см, су жіберу қабілеті – секундына 1100 текше метрді құрап отыр. Негізінен Сырдария өзенінің максималды көтерілген деңгейі секундына 128,70 текше метрді құрады. Қазіргі кезде мұз Сырдария ауданы Айдарлы ауылдық округі аумағындағы Ақарық каналының тұсында. Қызылорда су торабынан жоғары қарай 97 шақырымдайда тұр. Мұздың қалыңдығы шамамен 5-15 см, солтүстік аудандарда 20-55 см құрайды.

– Су тасқынының алдын алу үшін қандай шаралар ұйымдастырылмақ?

– Сырдария өзеніне Шардара су қоймасынан төменге қарай тасталатын мол суды қауіпсіз өткізу мақсатында 2020 жылы 28 қыркүйекте қала әкімдігі «2020-2021 жылдарға арналған Қызылорда қаласы аумағында су тасқынының алдын алу мен дайындығы» жөнінде іс-шаралар жоспарын бекітті. Мәселен, қалалық білім бөлімі тарапынан берілетін төтенше жағдай кезінде зардап шеккен қала тұрғындарын қабылдайтын 44 эвакуациялық пункт дайын. Оның 22-і эвакуациялық жинақтау пункт болса, қалғаны эвакуациялық қабылдау пункт. Сонымен қатар биыл 20 қаңтарда «Көктемгі су тасқыны кезінде бөгеттерді қалпына келтірудегі іс-қимылдарға азаматтық қорғау мемлекеттік кіші жүйесінің басқару органдарын, күштері мен құралдарын дайындау» тақырыбында Талсуат елді мекенінің тұсында оқу-жаттығу жұмыстары өтті.

– Басқарма тарапынан тұрғындарға су тасқынының алдын алуды ескерту мақсатында қандай жұмыстар жүргізілуде?

– Қазір біздің мамандар тұрақты түрде жедел құтқару жасағының құтқарушыларымен бірлесіп су тасқынының алдын алу, су айдынында балық аулау және мұздағы қауіпсіздік, өзін-өзі құтқару ережелерін түсіндіру мен қай-

ДАРИЯ ДЕМІ ІШІНДЕ



ғылы жағдайлардың алдын алу мақсатында рейдтік шаралар ұйымдастыруда. Онымен қоса Сырдария өзеніне, Қараөзек елді мекеніне қарасты өзен-көлдерге жақын орналасқан шаруа қожалықтарына, үйлерге түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, ақпараттық жалдына және ескертпе ұнпарактар таратылуда. Бұл жұмыстар қала әкімдігі аппаратының жұмылдыру дайындығы және аймақтық қорғаныс бөлімі, қалалық Полиция басқармасымен бірлесіп атқарылады. Осы жұмыстар аясында 75 мал қожалығы, 75 тұрғын үй мен 75 азамат қамтылып, 258 ұнпарак таратылды. Басқарманың әлеуметтік желідегі ресми парақшасына арнайы бейне-роликтер мен хабарламалар жүктеліп отырады. Сырдарияның жағалауында күнделікті Жедел құтқару жасағы-мен мониторинг жүргізіледі.

– Ал су тасқынының алдына алуға қанша техника сақдай сай тұр?

– Қалаға қарасты дербес бөлімдер, кент, ауылдық округтер мен өзен бойына жауапты болып бекітілген 22 ірі мердігер мекемелер төтенше жағдай орын алған жағдайда өздеріне жүктелген міндеттерді атқаруға толық дайын. Азаматтық қорғау қызметі тарапынан және бекітілген 22 мекемеден жалпы саны 110 арнайы және ауыр техника қалыпқа келтірілді. Сондай-ақ төтенше жағдай орын алған жағдайда 220 адам жұмылдырылады. Қозғалмалы тамақтандыру үшін 4 автокөлік пен 25 қызметкер сақдай сай тұр.

– Төтенше жағдай болған жағдайда халықты құлақтандыру жүйесінің дайындығы қандай деңгейде?

– 3 наурызда Қызылорда қалалық Төтенше жағдайлар басқармасының қызметкерлері «Баршаның назарына!» атты электросиреналардың жарамдылығын бақылау кестесіне сәйкес шаһарда орналасқан электросиреналардың жарамдылық жағдайын тексерді. Шара нәтижесі бойынша 7 даусызғайтқыштың жұмыс жасауға жарамды екені белгілі болды.

– Жергілікті атқарушы органдар тарапынан су тасқынының алдын алу бойынша бөлінген инертті материал туралы да айтып өтсеңіз?

– Қалалық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі және жанар-жағармай жеткізуші мекемелермен жасалған арнайы меморандум аясында техникаларға қажетті деген 20 тонна жанармай дайындалды. Қалаға қарасты кент пен ауылдық округтерде 350-ден аса еріктіден тұратын арнайы жасақтар бөгеттерді нығайту үшін құм толтырылған қаптар, қамыс секілді арнайы заттарды жеткілікті көлемде дайындалды. Атап айтар болсаң, 10000 дана қап, 5250 бау қамыс, 2550 дана пашын, 3100 дана кара бура және 7 тонна қойтастар дайын.

– Жалпы су тасу қаупі жоғары деп саналатын аймақтар қандай және қанша тұрғын үйге қауіп төнеді?

– Негізінен су тасу қаупі жоғары болып саналатын аймақта Қызылорда қаласы бойынша 5820 тұрғын үй мен 51000 адам бар. Тасбөгетте 109 үй мен 248 адам болса, Талдыарал ауылдық округінде 220 тұрғын үйде 820 адам бар. Қараөзек округінде 635 тұрғын үй және 5385, Талсуатта 425 тұрғын үйі мен 1509 адам. Белкөл мен Бірқазан кенті 879 тұрғын үй және 4874 адам тізімде бар.

– Көктемді төтенше жағдайсыз, емің-еркін қарсы алуды жазсың. Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан Аслан ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде азаматтарды жеке мәселелермен қабылдау күнделікті сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, үзіліс уақыты 13.00-ден 15.00-ге дейін және (87242) 27-02-59 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.



НАРТАЙ БЕКЕЖАНОВ – 131



Нартайдың батасы

Бауен аға Нартайды төрге отырғызды, шекпенін кереге басына ілді. Дастархан жайылды.

– Ұлдың атын кім қоямыз, Нартай аға? – деді Бауен. Абай болсын. Абайдай дана болсын, халқына пана болсын деп, – жырды тағы төкті. Сонымен ұл аты Абай болды. Көкірегі тұнып тұрған Нартай ақын батаны тағы да нөсерлетті.

Сол Абай Бауенен қазір сексенге қарай бет бұрды. Әңгімелестік, сөзді әріден бастап отыр.

– Біздің ауыл – ақындар мен батырлар ауылы. Дикан Шырынкүл, Ұлбала, ақын Қалмахан, журналист Нұртөре, Шиелінің даңқын шығарған Ыбырай, Шахмардан Есеновпен мақтанамыз. Ауылымыз Нартай ауылы атанды. Мен ақын Нартай көшесінде тұрамын. Атым Абай болғасын Нартай, Абай жырларын жасымын жаттап өстім. Институтта қазақ тілі мен әдебиет мамандығын алдым.

Алтын бесік – туған жерде қызметімді қатардағы мұғалімдіктен бастадым. 14 жыл ұстаз болдым. 8 жыл мектеп директорының орынбасары, содан 21 жылдай Нартай ауылында мектеп директоры болып зейнетке шықтым. Әріптестер мені «ұстаздар генералы» деп әзіл қағыстырады.

Әкем Бауен Байжанов осы Нартай ауылында елуінші жылдарға дейін колхоз төрағасы болды. Тұңғыш рет «Құрмет белгісі» орденін алды. Анам Ташен колхозшы еді. Ұл-қыз өсірді, барімізді ержіткізді, – деді шежіреге көкірегі толы Абайдың әңгімесі таусылар емес.

Ұстаз Абай Бауен сүйікті жары Құлайхан екеуі ұзақ жыл мектепте ұстаз болды. Екі ұл, бес қыз тәрбиелеп өсірді, бәрі де жоғары білімді.

Абай сәлден соң әңгімені тағы да ақын Нартайға бұрды.

– Әлі есімде, сонау алпысыншы жылдың қысы еді. Менің он жасар кезім. Ақын атаның үйіне бір топ ағайындар көңілін сұрауға барды. Ақын жүдеу көрінді. Жастықтан басын көтерді. «Халіңіз қалай, Наректе?» дегендерге «жақсымын!» деді де гармоньды құлаштай сермегенде жұрт тына қалды. Неткен қайрат! Ақын қуаттанып орнынан тұрды.

Өздерің білер Нартаймын, Нар болсам да қартайдым. Арнасы бар да өзі жоқ, Баяғы дауыс айқайдын.

Дөме бар да дәрмен жоқ, Еріксіз басты шайқаймын!

Ұстаз Абай әңгімені тағы да әріден қозғады. Ақын Нартайдың ел аузында әлі жарияланбаған, баспа бетіне түспеген жырлары жетерлік. Нартай өнер мектебінің директоры Құрманбек Бекпейістің бір әңгімесін еске сала өтейін.

– Жыр алыбы Жамбыл Жабаев дүниеден өткенде қырғыз ақындары келіп, кезектесе көңіл айтса керек. Солардың ішінде Мұхтар Әуезов те бар екен. Кенен мен Үмбетәлі кезектесіп көңіл айтуды жалғастырған көрінеді. Солден соң ақын Нартайға кезек келіпті. Сонда ақын былай деп төгіліпті.

Қасиетті еді қара нар, Көшпінді ерді бастаған.

Асқар тау еді айбынды, Асулап әркім аспаған.

Ғажайып мына заманның, Жүйрігі еді баптаған.

Абырап қалды қалың ел Жақұттың жырлап жатпаған.

Қазылы болдық, қайтейік, Келмеске кетті қарт бабам.

Оспанкүл мен Әлімқұл Таудан асып келдіңдер.

Қайғырып жатқан қазақты Азылы жұртмн делдіңдер.

Қаймыға ортақасқандай, Көңілдің құлпын ашандай,

Жырыңмен медет беріңдер, Тарау-тарау таңғы жыр

Толастарын көрдіңдер. Азылағ айла таба алмай,

Жүректі басты шемен шер. Болашақ күнді болжаған,

Көреген еді кемейген. Көсемім көптен жағылды

Ел қамы үшін еленген, Оспанкүл мен Әлімқұл

Алдымдағы ағасың. Алаудаған табды

Қазақтар мен қырғыздар Сарқылмас жырдың сағасын.

Өздерің бастап келгенде Қалың қырғызды көргендей, Жазылды-ау жаның жарасы.

Қуаныш ортақ, қайғы ортақ Ешкімнің жоқ таласы.

Қатар жатқан халықпыз, Жамбыл карт болған бабасы.

Сүйінбайдан алған домбыра, Алатаудың ағашы.

Күйіне келмей қақсып тұр Бақытты күндер бағасы.

Жөкемдей жастар қолға алса, Алатау айбын панасы.

Осанкүл мен Әлімқұл Қайғыма көңіл-қос арттың

Қос жүйрік құстың қанаты. Қайырлы болсын сіздерге,

Қасиетті қарттың қазасы! Осы сәтте Мұхтар Әуезов бастаған қазақ зиялылары келіп, Нартайға риза болып, төс түйістіргенде ұлы Мұхтар «ел үшін жаралаған жан екенсің!» деп бауырына қысып тұрып алыпты.

Міне, жоғарыдағы Нартайдың көңіл айту өлеңдерін Құрманбек Бекпейіс ел аралап жүріп, Ұзынағаштағы тұратын көнеқоздерден жазып алғанын айтқан еді.

Бұл күндері бір кезде Нартай жырлаған, атын Абай қойған Абай Бауенен қазір кіндік қаны тамған Шиелідегі Нартай ауылында жүріп жатыр. Қуатты. Отырған жерде ақын Нартайдың жырларын, ел аузында сақталған әңгімелерін айтудан жалықпайды. Қысқасы, ақын Нартайдың бай қазынасын насихаттаушы. Аты Абай болғасын ба, Абай әңгімелерін, әндерін, қарасөздерін тамылығта әңгімелейді.

– Туған ауылдың кіндік қаны тамған жердің ауасын жұта жатқан жайым бар. Дағыстан ақыны Р.Ғамзатов бір сөзінде: «Мен биік тау басында өстім. Халқыма жақын болайын деп жерге түстім!» демеуші, туған жерді еш жерге айырбастаған жоқ, – дейді ақын Нартай ауылының байырғы тұрғыны, ардагер ұстаз Абай Бауенен.

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,
Қазақстанның
Құрметті журналисті



АШТЫҚТА ҚҰМЫҚҚАН ҰН

Тауы Шығыстан бақ тайғалы өңірдегі халық көресіні көрді-ау. Қанқұйлы соғыс, дүркін жарылыс, тәліртектеген экономика, мықтының құқайы, әйтеуір дүниеде бар әлім-жеттік пен әділетсіздік басынан арыймай-ақ қойды. Бұлай таусыла сөйлеудің орны бар. Себебі жыл сайын Тауы Шығыста миллиондаған тұрғын елден бөссе, соншама адам аштықтың зардабын татып, алақан жаяды. Тіпті, әлемдік қауымдастықтар мен ел үкіметі аштықтан өлгеннің есебін бергенімен, толық санды шамалауда осалдық жібереді. Өрине, тұрмыстық әлеуеті төмен, экспорт-импорттық қуаты нөлге тең елдің өкілі басқа не шарда болсын?! Бейсенбіде «CNN» арнасында жарық көріп, бір топ тілші аталықтар арнайы хабар өзегі – Йемен жұртының халі де осы шамада.



Арнайы хабардың тақырыбы – «Йемендегі аштық». Бір елдегі қиындықты әлемдік мәселелен кем суреттемеген Нима Эльбағир, Барбара Арванитидис, Анджела Деван, Нада Башир және Юсеф Маури секілді білікті журналистер мәселенің себебі мен салдарын саралап, тәптіштеп түсіндіруге тырысқан. Авторлар бағдарламаны индукция әдісімен өрбітіп, кейіпкерлердің оқиғасы арқылы жалпы мәселеге баға беруге тырысуы хабар мінсіз аша түскен.

«Аштықтан қалжыраған 10 айлық Хасан Алиді ауруханаға жеткізгенде дәрігерлер оның өмірін сақтап қалуға бар күшін салды. Медбикелер жаңушыра көмек көрсетіп, нәрестеге өттегі баллонын қосуды болды. Алайда нәрестенің ауаны жұтуға да әлі жетпей, бірнеше сағаттан соң көз жұмды. Оқиғаны сырттай бақылаған телеарна тілшілері елдегі жағдайдың қаншалықты күрделі екенін енді түсінгендей болды. Себебі ай сайын мұнда Хасан Алимен тағдырласа 10-нан астам нәресте көз жұмады екен. Жағдайдың мұнша ушығуы солтүстік Йемен халқының тек аштықтан қалжырауы ғана емес, ауруханаға жету үшін қажетті жанар-жағармайға қол жеткізе алмайында жатыр. Медицина қызметкерлерінің жалақы алмағанына жарты жылдан асқан. Сондықтан науқастарға көмек көрсететін маман да тапшы. «UNICEF» өкілдері болса, Йеменде 2021 жылы бес жасқа дейінгі 2,3 млн сәби аштықтан зардап шегуі ықтимал екенін айтып отыр.

Хабардан мәселенің айтарлықтай күрделі екенін аңғару қиын емес. Тілшілер бас сұққан аурухана 50 науқасты қабылдауға арналған болса, қазір екі есе көп науқасқа көмек көрсетуде. Бұған дейін йемендіктер алтыжылдық соғыстың салдарынан аштыққа ұшыраған еді. Енді, міне, екі жылдан соң қауіпті қатер қайта оралған. «Жығылғанға – жұдырық», елдегі жанар-жағармай тапшылығы да аштықтың өсуіне себеп болып, медициналық көмекті алуға кедергі келтіріп отыр. Хабарда аталған ақпаратты аурухана дәрігері Осман Салах былайша жеткізген:

«Мұндағы науқастар аз. Себебі аймақтағы науқастардың саны мұнан әлдеқайда көп. Егер нарықта жанар-жағармай жеткілікті болғанда, шет аймақтардан келетін науқастар бұлдан да көбейетін еді. Себебі шығын мен жанар-жағармай тапшылығынан ауруханаға жете алмай, үйінде жатқан науқастар бар. Соған қарамастан, ауруханаға үлкендермен қатар, туғанына бірнеше айта болған сәбилер де көп түседі», – деген.

Йемендегі жағдайға әлемдік қауымдастықтар мен зерттеу институттары да бақылау жүргізіп алаңдаушылық білдірген. Хабарда авторлар азық-түлік қауіпсіздігінің интеграцияланған фазалық жіктелісін (IPC) ақпараттың мысалға келтіреді. Онда шамамен 47 мың йемендік азық-түлік қауіпсіздігінің «апатты» деңгейінде өмір сүреді, 16 млн адам «өтетінше» деңгейде өмір сүреді деп айтылған. Бұл – Йемен жұртының жарымынан астамы. Сондай-ақ «CNN» арнасының ресми сайтында Йемендегі аштық туралы инфографика жарияланған. Қысқаша ақпаратта өткен жылдың соңында солтүстік Йеменнің бес ауданындағы 16 500 адам «апатты аштық» деңгейінен өткен. Мұнда да азық-түлік пен жанар-жағармай тапшылығынан аталған санның әлі де өсетіні болжанған.

«Мамандар мәселенің бұл деңгейге жетуін Олемдік азық-түлік бағдарламасы агенттігінің қаржыландыруына келесіздікке тегілі. Бүгінде аталған агенттік солтүстіктегі Йемендіктерге көмек көрсету жолын қарастыруда.

Сонымен қатар арна журналистері нәліктен жанар-жағармай тапшылығы туындағанын да саралауға тырысады. Нәтижесінде «CNN» тілшілері елге келуге тиіс жанар-жағармай қорының шекарада кідіргенін анықтаған. Яғни, БҰҰ инспекциясының тіркеуінен өткен 14 тауар кемесі Сауд Арабиясы-Эритрея-Йемен шекарасында тоқтаған. Тілшілер мұны MarineTraffic.com арнайы сайты арқылы нақтылайды. Сайттағы дерекке сәйкес, келуге тиіс жанар-жағармай Қызыл теңізде кідірген. БҰҰ аталған мәселеге елдегі хуситтер әскері туралы кінәлан, олардың салықтан жалтару ісі бұған дейін де болғанымен және кемелерді кідіруін қолдан ұйымдастырып деп айтады. Ал хуситтер болса, тауар кемесінің иелері айыппұл салып, кедергі келтіруге деген уағыз айтаған. Сондай-ақ авторлар оқиғана Сауд Арабияның да қатысуы бар деген дерек келтірген. Алайда қарсы тарап, кінәні йемендік хуситтер тобына ауларған.

«Қиын кезде қол ұшын беруге тиіс бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы да жағдайдың мұз емесін айтып, Йеменге жанар-жағармай мен азық-түлікпен көмек беруге мүмкіндігі жоғын жеткізуде. Ұйымның ресми ақпаратында: «2021 жылдың наурыз айынан бастап ұйым Йемендегі 206 мекемеге жанар-жағармай таратуды тоқтатты. Олардың 60 проценти ауруханалар» деген еді. Сондықтан мәселенің салдары әлі күнгірт.

Бір қызығы, тілшілер жағдай қаншалықты мүшкіл болса да, бағдарламаны үлкен сеніммен аяқтаған. Әдеттегіше, дәрігерлер Хасан Алимен тағдырлас Захра есімді нәрестеге көмек көрсетуге асығды. Авторлардың сөз соңында дәрігер Алан Абдул-Рахманның мына бір пікірімен түйіндейді: «Нәрестенің жағдайы жақсаруда. Бірінен қиын баланы осында жеткізді. Егер баланы ауруханаға дер кезінде әкелсе, аман алып қалуға мүмкіндік мол».

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Еркін ШАМШАДИН

БӘРЕКЕЛДІ!

Сезім – серуен



Құлаққа жағымды естіледі, иә... Жаны гүлдей нәзік ақынның кітабы осылай аталады. Ол қандай ақын десеңіз, Сырдың ғана емес, қаламды, жырды серік еткен қазақтың жазушы, ақын қызы – Фазиза Әбілда.

Көктем жылылыққа, сұлулыққа және махаббатқа толы. Осынау әсем мезгіл шуағында Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Фазиза Әбілданұлы «Сезім серуен» атты кітабы оқырманға жол тартты.

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада жаңа жинағының тұсаукесері өтті. Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы ұйымдастырған іс-шараға өңірімізге белгілі қаламгерлер қатысты. Тұсаукесер жиынын облыстық кітапхана директоры, тарих ғылымдарының кандидаты Нұрлыбек Мыңжас жүргізді. Шара барысында Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Қатира Жәленова, ҚР Жазушылар одағының мүшесі, ақын Толыбай Абылаев жинақтың тұсаукесер рәсімін жасады.

Сыр өңірі ғана емес, еліміздегі ойлы оқырман атаулыға шығармалары етене таныс ақын Фазиза Әбілданұлы «Таңсәрі» атты тұңғыш өлеңдер жинағы 2011 жылы жарық көрген. Ал «Сезім серуен» оның екінші кітабы. Жиында облыстық мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Нұршат Наурызбаева

авторға шығармашылық табыс тілеп, ақын өлеңдері сыршылдықтан, махаббатқа деген сенімнен тұратынын атап өтті. Сонымен қатар ақын Қатира Жәленова: «Сыр өңірі таланттан кенде емес. Солардың бірегейі – Фазиза сіңілім», – деп ыстық ықыласын білдірді.

Мұнан соң Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Айман Айтбаева қаламгер шығармашылығы жайында баяндама жасап, «ақынның бес парызын бір өлеңнің қалыбына сыйғыза білген лирик ақын» деп бағалады. Сондай-ақ ақын Дүйсенбек Аяшұлы жаңа туындымен қауышып отырған оқырман қауымын құттықтап, лебізін өлеңмен жеткізді. Өз кезегінде автор жиналған қауымға алғысын білдірді.

Ақтолық НҰРЛЫБАЙ



Шынын айтқанда, Ержанның басты тақырыбы – ауыл. Жас публицистің тырнақалды туындысына алғысөзді журналист, әдебиеттанушы ғалым, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Бауыржан Омарұлы жазды. «Әрбір елді мекеннің жазығы мен жырасы, қыры мен қыраты, соқағы мен сүрлеуі қадімгідей тіл қатады саған.

Бірақ оны көретін көз, тыңдайтын құлақ керек. Жаһандандудың жынды көбелегін қуалап жүрген бүгінгі буынның ішінен суырылып шығып, осындай тақырыпқа құмарланған Ержан Қожас сынды жас журналистерге тек құрметпен қарау керек», – дейді ол.

Ал облыстық «Ақмешіт жастары» газетінің бас редакторы Айжан Жұмабекқызы: «Тамыры ауылға барып тірелетін әрбір қазақ оқырманы

«Сыр елінде тұратын осы жігіттің қалам сілтесі ұнайды. Оқыта да алады, ойлаңта да алады. Тақырыбын тапқан журналист. Бұл – халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Бауыржан Омарұлының әріптесіміз Ержан Қожас жайлы пікірі. Осыдан бірер күн бұрын Қызылордадағы «Тұмар» баспасына журналист, облыстық «Сыр бойы» газетінің тілшісі Ержан Қожастың «Мен ауылдың ұлымын» атты кітабы жарыққа шықты.

АУЫЛ ҰЛЫ ШЫҒАРҒАН КІТАП



оның кейіпкерлерінен өзін көреді, кейде аңғал, кейде қикар мінезін өзін таниды, қайсыбір әдет-дағдысы, таным-түсінігі, күнделікті тіршілігі ұқсас құрдастары рахаттана күледі. Ауылдың иісі аңқыған Ержанның әңгімелеріне оқырманның жапа-тармағай пікір білдіруге асығатыны да содан болса керек», – дейді. Осылайша ізденіс жолындағы інісіне тілекестік білдіріпті.

Иә, бүгінде Ержанның жазбалары фейсбуктың ойпаңы мен қыратында толып жүр. Мұнда Ерекенді білмейтіндер аз. Әсіресе қаланың қыз-қыз қайнаған тірлігіне етене еніп кеткендер бұл жігіттің жазғандарын жата-жастана оқиды. Тырнақалды туындысы да оқырманның іздеп жүріп оқытын кітабы болады деп сенеміз.

Жарасхан
ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ